АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ
ӘКІМДІГІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ
АКИМАТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

15.07.2026 № №147

Қарауылкелді ауылы

село Карауылкелды

Аудан бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссиясын құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37 баптарына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабына, «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2026 жылғы 31 наурыздағы №143 бұйрығына және Байғанин ауданы әкімінің 2026 жылғы 9 шілдедегі №3 «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) құрамы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес құрылсын.

2. Комиссияның ережесі осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Комиссияның жұмысшы органдары болып өз салалары бойынша «Байғанин аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемелері айқындалсын.

4. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу тәртібі бюджет есебінен қарастырылсын.

5. Комиссия жұмысын ұйымдастыруға жауапты болып осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарлары Р.А.Раушанов, Р.М.Обаев, Н.А.Адаевқа бекітілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **А. Купенов**

Байғанин ауданы әкімдігінің
2026 жылғы « » шілдедегі
№ қаулысына 1-қосымша

Аудан бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссиясын құрамы

Раушанов Рүстем Аманжолұлы	Байғанин ауданы әкімінің, орынбасары комиссияның төрағасы
Баймұханов Еркебұлан Ершігеұлы	Байғанин аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі, төрағаның орынбасары
Жайылқанов Заманбек	Байғанин ауданы әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас инспекторы, комиссия хатшысы
Сержан Марғұлан Сержанұлы	Байғанин аудандық мәслихатының төрағасы (келісім бойынша)
Адаев Нұржан Адайұлы	Байғанин ауданы әкімінің орынбасары
Обаев Руслан Мырзағұлұлы	Байғанин ауданы әкімінің орынбасары
Жұмабай Әміржан Ғалымұлы	Байғанин ауданы әкімі аппаратының басшысы
Копжасаров Ерик Серикович	Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы
Жұбанышев Нұржан Қайратұлы	Байғанин аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі басшысы

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ(АТ) ҚАЛҚАБЫ М.Ж.

Межеш Азамат Қайратұлы	Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы
Ержанов Мурат Исламович	Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы
Ергалиев Азамат Жалгасович	Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі
Есказиева Нурсая Нурбаулиевна	Көлтабан ауылдық округінің әкімі
Қомыт Ақбота Саламатқызы	Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы
Молдабеков Толеген Акжолович	Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы
Айтжанова Роза Биахметовна	Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
Жакасов Кайрат Тогызбайулы	Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы
Дабыс Мұрат Қосайұлы	Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы (келісім бойынша)
Әлжан Құрманғали	«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Байғанин аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша)
Калменова Нургуль Тузелбаевна	Байғанин ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және құқық қорғау органдары мен өзара әрекеттесу құрылымдық бөлімшесінің басшысы, заңгер

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин ауданд

Байғанин ауданы әкімдігінің
2026 жылғы « » шілдедегі №
қаулысына 2 қосымша

Аудан бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі — Комиссия) қызмет тәртібін, міндеттері мен құқықтарын айқындайды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңын, «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2026 жылғы 31 наурыздағы №143 бұйрығын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссия табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде зардап шеккен азаматтардың өтініштерін қарау, келтірілген шығындарды есептеу және материалдық көмек (өтемақы) беру туралы шешім қабылдау мақсатында құрылатын алқалы орган болып табылады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

4. Материалдық нұқсан келген зардап шеккен азаматтардан төтенше жағдайлар туындаған күннен бастап заңнамада белгіленген мерзімде күнтізбелік отыз күн ішінде материалдық нұқсанды өтеу туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдау.

5. Зардап шеккен нысандарды (тұрғын үйлерді, мүлікті) көріп-тексеруді ұйымдастыру, тиісті Тексеру актілерін жасау.

6. Нұқсанды бағалау үшін тәуелсіз бағалаушыларды, техникалық сарапшыларды жұмылдыру және олардың қорытындыларын қарау.

7. Зардап шеккендерге материалдық көмек көрсету (немесе бас тарту) туралы тиісті қорытынды жобасын дайындау.

3. Комиссияның құрамы және қызметін ұйымдастыру

8. Комиссия құрамы жергілікті атқарушы органның (әкімнің) шешімімен бекітіледі.

9. Комиссияның құрамына жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өкілдері, төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімі, қоғамдық кеңес, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Төрт жұмысшы орган бойынша бір құрамда комиссия құрылды.

10. Комиссияның төрағасы аудан әкімінің орынбасары болып табылады.

11. Тұрғын үй мәселелері бойынша комиссияның жұмысшы органы «Байғанин аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, әлеуметтік сала мәселелері бойынша «Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша комиссияның жұмысшы органы «Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

12. Комиссияның қызметін бастау және тоқтату туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

13. Комиссия отырыстары мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

14. Шешім комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Комиссия шешімі барлық мүшелер қол қоятын Хаттамамен ресімделеді.

16. Комиссияның хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және дауыс беру құқығы жоқ.

17. Комиссия мүшелері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) комиссияның мүддесі үшін адал, парасатты және әділ әрекет етеді;

3) комиссия мүшелері комиссия отырысына қатысуға міндетті;

4) комиссияның отырысына өзі қатысады;

5) комиссияның хатшысына комиссия отырысы басталғанға дейін комиссияның отырысына қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда бұл туралы қатыса алмайтынын растайтын құжаттарды қосып хабарлайды;

6) мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін мақсаттарда өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланудан бас тартады.

18. Комиссияның мүшелері мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда комиссияны хабардар етуді қамтамасыз етеді және тиісті шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруден (тиісті шешім қабылдаудан қалыс қалу) қалыс қалады.

19. Комиссияның хатшысы:

1) Осы Ережеде көзделген тәртіппен комиссияның қарауына шығарылатын мәселелер қатарынан комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

2) комиссияның отырысына қажетті материалдарды жинауды және таратуды ұйымдастырады;

3) отырысқа шақырылған адамдарды комиссия отырысының өткізілетін күні, орны мен уақыты туралы хабардар етеді, оларға отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жібереді;

4) келіп түскен өтініштердің есебін жүргізеді;

5) комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді және оларға қол қояды;

6) комиссияның қарауына ұсынылатын материалдардың түпнұсқаларын есепке алуды және сақтауды жүргізеді;

7) комиссияның қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

8) комиссия отырысының хаттамаларынан үзінділерді олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен таратуды жүзеге асырады;

9) комиссия отырысы хаттамаларының көшірмелерін, сондай-ақ комиссия отырысы хаттамасынан үзінді көшірмелерді (үзінді көшірмелердің көшірмелерін) куәландырады.

4. Комиссия отырысының хаттамасын ресімдеу

20. Комиссия отырысының нәтижелері бойынша комиссияның хатшысы ол өткізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде отырыстың хаттамасын жасайды.

19. Комиссия отырысының хаттамасында:

1) өткізу орны, уақыты, форматы (бетпе-бет, оффлайн форматтағы бетпе-бет);

2) отырысқа қатысып отырған адамдар;

3) отырыстың күн тәртібі;

4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

5) қабылданған шешімдер көрсетіледі.

21. Комиссияның хатшысы комиссия отырысы хаттамасының дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз етеді.

22. Комиссия отырысының хаттамасы 1 (бір) данада ресімделеді, оған бекітілген, қаралған құжаттардың мәтіндері, жазбаша пікірлер және хаттамаға қосымша болып табылатын өзге де материалдар қоса тіркеледі.

5. Нұқсанды бағалау және өтеу тәртібі

23. Төтенше жағдайлар туындаған күннен бастап отыз күн ішінде зардап шеккен тұлғаның өтініш пен құжаттар пакетін тапсыруы.

24. Өтініш тіркелген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Комиссиямен құжаттардың қаралуы және нысанды бағалауға жіберуі.

25. Тікелей бағалаушы тағайындалғаннан кейін негізсіз кешіктірілмей тәуелсіз бағалаушының нұқсан көлемін анықтауы жүргізіледі.

26. Бағалау есебі дайын болғаннан кейін, Комиссия қорытынды шығарғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган ауданның бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен келісілген қаражат бөлу туралы шешім қабылдауы.

27. Зардап шеккендерге төлем тиісті шешім қабылданғаннан кейін заңнамамен белгіленген мерзімде күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту: Төтенше жағдай салдарынан қираған баспананы қалпына келтіру немесе жаңасын салу ҚР заңнамасында белгіленген техникалық жобалар мен мемлекеттік сараптама қорытындылары негізінде жүзеге асырылады.

6. Комиссия мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі

28. Комиссияның мүшелері құқылы:

1) Мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ТЖ салдары мен зардап шеккендерге қатысты қажетті ақпараттарды, құжаттарды сұратуға;

2) Түсініспеушілік туындаған жағдайда сарапшыларды, заңгерлерді және мамандарды жұмысқа тартуға.

29. Комиссияның мүшелері жауапты:

Қабылданған шешімдердің заңдылығы, ашықтығы және объективтілігі үшін.

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ(Акт.) АД быс М.К

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ
ӨКІМ

АКИМ
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
РАСПОРЯЖЕНИЕ

Қарауылкелді ауылы

село Карауылкелды

«09» 07 2026 жыл

№ 18

Төтенше жағдайды жою жөніндегі жедел штаб құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33 бабына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 50 баптарына сәйкес, Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою мақсатында аудан әкімі **ӨКІМ ЕТТІ:**

1. Байғанин ауданында төтенше жағдайды жою жөніндегі жедел штаб (бұдан әрі – Жедел штаб) құрамы осы өкімнің қосымшасына сәйкес құрылсын.

2. Жедел штабқа (жедел штаб бастығы Р.А.Раушанов) Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің, полиция бөлімінің және коммуналдық қызметтердің күштері мен құралдарының тәулік бойы үйлестірілуін ұйымдастыру, авариялық-құтқару жұмыстары жүргізілетін аймақта азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әрбір 3 сағат сайын төтенше жағдайды жою жұмыстарының барысы туралы жедел ақпаратты аудан әкімі аппаратына ұсыну тапсырылсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **А. Купенов**

Байғанин ауданы әкімдігінің
2026 жылғы 9 шілдедегі
№18 өкіміне 1 -қосымша

Байғанин ауданы аумағындағы төтенше жағдайды жою жөніндегі жедел штабтың құрамы

№	Жедел штабтың құрамы
1	Байғанин ауданының әкімі, төтенше жағдайды жою басшысы
2	Байғанин ауданы әкімінің орынбасары, штаб бастығы
3	«Байғанин ауданы төтенше жағдайлар бөлімі» РММ бастығы, штаб бастығының орынбасары
4	«Байғанин ауданының маслихатының төрағасы» (келісім бойынша)
5	«Байғанин аудандық полиция бөлімі» РММ бастығы
6	Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі
7	«Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы
8	«Байғанин аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы
9	«Байғанин аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ басшысы
10	«Байғанин аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы
11	«Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы
12	«Байғанин аудандық білім бөлімі» ММ басшысы
13	«Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы
14	«Байғанин аудандық жұмыспен қамту және бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы
15	«Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы
16	Аудан әкімі аппаратының ТЖ жөніндегі бас инспекторы
17	«Байғанин аудандық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы (келісім бойынша)
18	Байғанин аудандық ауруханасының бас дәрігері
19	«Байғанин» КМК директоры
20	«Энергосистема» ЖШС Байғанин учаскесі бөлімшесінің басшысы (келісім бойынша)
21	«ҚазТрансГазАймақ» АҚ АӨФ «Байғанин газ шаруашылығы» басшысы (келісім бойынша)
22	«Қазақтелеком» АҚ Байғанин желілік техникалық учаскесінің басшысы (келісім бойынша)
23	«Байғанин ауданы орман және жануарлар дүнесін қорғау мекемесінің» директоры